


МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ  
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ  
БӨЛІМІНІҢ «ТОБАНИЯЗ АТЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ  
ТОБАНИЯЗА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО МАНГИСТАУСКОМУ РАЙОНУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ № 216 – жк

Ақшымырау ауылы

31.08.2022ж

### Жұмыскерлерді басқа жұмысқа ауыстыру туралы

ҚР Еңбек Кодексінің 38 – бабының 1 – тармағына сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бердәулетова Салтанат Избасарқызы 01.09.2022ж бастап толық жұмыс күнімен (1штат) директордың әлеуметтік педагог қызметіне тұрақты болып тағайындалсын.
2. Өзін – өзі тану пәнінен сабақ берген Азирбаева Айша Лакбаевна 01.09.2022ж. бастап педагог - кәсіби бағдар беруші қызметіне толық жұмыс күнімен ауыстырылсын.
3. Қызметкерлердің еңбек ақысын есептеп төлеу бас есепші М.Нурболатоваға міндеттелсін.

**Негізі:** өндірістік қажеттілік.

Директордың м.а.

А.Бекова



Бекітемін:  
Маңғыстау облысының білім басқармасының  
Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ –нің  
директорының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ А.Бекова



**Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі  
№338 бұйрығымен бекітілген лауазымдық нұсқаулығы**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ –нің Педагог-кәсіби бағдар беруші Азирбаева Айша  
Лакбаевна

**Лауазымдық міндеттері:**

мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;  
оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады;  
білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;  
қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;  
ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі;  
кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;  
кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;  
белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;  
балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;  
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

**Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;  
мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;  
психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;  
компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;  
педагогикалық этика нормалары;  
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.


*«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.*

**«БЕКІТЕМІН»** Мектеп директоры м.а:

*А.Б.*

А.Бекова

**«Кәсіптік бағдар беру»  
педагогының жылдық жұмыс жоспары  
2024-2025 оқу жылы**



**Кәсіптік бағдар беру педагогы:** *А.Л.* Азирбаева А.Л



## **Мақсаты:**

- Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру;
- оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету.
- оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.
- Қоғамда сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау.

## **Міндеттері:**

- Жұмыс мақсатында көрсетілген оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудағы жұмыстарды түрлі іс-шаралар жүргізу арқылы нәтижелілікке қол жеткізу.

## **Жұмыстың бағыты мен түрлері.**

### **Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет төмендегі бағыттардан тұрады:**

- жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарымен бірлесіп оқушыларды кәсіпке бағдарлау жұмысын жоспарлау;
- білім беру ұйымдарының басшылары, жергілікті жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мамандары, ата-аналар, жеке кәсіпкерлерден құралған Қамқоршылық Кеңес құру;
- оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізетін үйлестірушілердің жұмысын ұйымдастыру;
- мұғалімдерге ақпараттар мен диагностикалық карталарды іріктеуге әдістемелік көмек көрсет

№	Іс- шаралар мазмұны	Сынып	Мерзімі	Жауапты	Орындалу нәтижесі
<b>Ұйымдастыру жұмыстары</b>					
<b>Қыркүйек</b>					
1	Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар жұмысын жоспарлау		Қыркүйек	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДТЖО Сынып жетекшілер	
2	«Кәсіби бағдарлау» сауалнама	9-11 сыныптар	Қыркүйек	Педагог – кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы Сынып жетекшілер	Ақпарат
3	"Сіздің кәсіби мансабыңыз" "Мамандықтар әлемінде" "Түлекке көмек", "Оқуға қайда бару керек?" Сынып сағаттары.	1-11 сыныптар	Жыл бойы	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Ақпарат
4	«Мамандық иелерімен жүздесу»(Әртүрлі мамандық иелерімен кездесу)	9-10 сыныптары	Қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер Мамандық иелері	Ақпарат
5	Ата-аналармен кездесу	9-11 сынып	Қыркүйек	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДТЖО Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жариялау
<b>Қазан</b>					
6	"Маңызды мамандықтар" дөңгелек үстелі	9-11	Қазан	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДТЖО Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жарияланады.
7	«Мамандық әлеміне саяхат» Колледжге экскурсия	9- сыныптар	Қазан	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жариялау.
8	«Менің болашақ мамандығым» ойын-сабақ	1-4 сыныптар	Қазан	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Ақпарат.

Қараша

9	"Кәсіптер әлемі" суреттер байқауы	1-4 сынып	Қараша	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер Бейнелеу өнері және көркем еңбек пәні мұғалімдері	Ақпарлама.
10	"Мамандық таңдаудағы қателіктер" әңгімелеу	5-11 сыныптар	Қараша	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Презентация, бейнеролик тар
11	«Мен таңдаған мамандық» мамандық таңдау кеші	9-11 сыныптар	Қараша	Педагог – кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы Сынып жетекшілер ДТЖО	Әлеуметтік желіге жариялау

Желтоқсан

12	«Болашағың сенің қолыңда» тренингі	9-11 сыныптар	Желтоқсан	Педагог – кәсіби бағдар беруші Педагог-психолог	Ақпарлама.
13	«Менің арманымдағы мамандық» әңгімелесу	7 – 8 сыныптар	Желтоқсан	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Ақпарат
14	ҰБТ өзгерістері.	11 сынып	Желтоқсан	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДОІМ Сынып жетекшілер ҚББП	Ақпарлама

№	Іс- шаралар мазмұны	Сынып	Мерзімі	Жауапты	Орындалу нәтижесі
<b>Ұйымдастыру жұмыстары</b>					
<b>Қаңтар</b>					
15	«Мамандықтың барлығы жақсы» дөңгелек үстел	10-11	Қаңтар	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жарияланады.
16	«Үздік бизнес жоспар» презентация байқауы	7-8 сынып	Қаңтар	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Қорытындылау және марапаттау
17	Студенттермен кездесу	9-11 сыныптар	Қаңтар	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДТЖО  Сынып жетекшілер ҚББП	Әлеуметтік желіге жариялау.
<b>Ақпан</b>					
18	Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру	9-11	жыл бойы	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Кеңес беру журналына тіркеу.
19	Қонақ сабақтарын өткізу: кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерімен кәсіптік бағдар беру кездесулері	7-9 сыныптар	Ақпан	Педагог – кәсіби бағдар беруші ДТЖО Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жариялау.
20	«Мамандықтар шеруі» тақырыбында бейнероликтер байқауын өткізу.	5-8 сынып	Ақпан	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Үздік бейнероликтер анықталып, марапатталады.

Наурыз

21	ЖОО орындарымен түсіндірме жұмысын жүргізу.	11 сынып	Жыл бойы	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер ЖОО өкілдері	Кездесу өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
22	«Жүз жол,бірі-сенікі!» Психологиялық тренинг өткізу	11 сыныптар	Наурыз	Педагог – кәсіби бағдар беруші Педагог-психолог	Презентация, бейнеролик тар
23	«Грант» Қаңтар,наурыз ҰБТ қорытындысымен қандай мамандықтарға грантқа түсе алатындығын анықтау .	11 сынып	Наурыз	Педагог – кәсіби бағдар беруші. ДОІМ ҚББП	Мониторинг жасалады.

Сәуір

24	«Мамандық таңдау-басты бағдарымыз»	10 сынып	Сәуір	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желіге жариялау.
25	«Мамандықтар көрмесі» ЖОО көрмесіне қатысу	11 сынып	Сәуір	Мектеп директоры Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер Ата-ана	Әлеуметтік желіге жариялау

Мамыр

25	ҰБТ –ға байланысты министрлік өкілімен кездесу	11 сынып	Мамыр	Мектеп директоры Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер Ата-ана	Әлеуметтік желіге жариялау
26	11сынып оқушыларымен ЖОО – на грантқа түсу туралы талдау жасау.	11 сынып	Мамыр Маусым	Педагог – кәсіби бағдар беруші Сынып жетекшілер	Ақпарат

Қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ)

Дөңгелек үстел тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Сынып: 10-11

Өткізу форматы: Дөңгелек үстел

Өткізу уақыты: 45 минут

Қатысушылар: 10-11 сынып оқушылары, мұғалімдер.

Сабак кезеңдері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Уақыт
Ұйымдастыру кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушыларды шеңберге отырғызады.</li> <li>- Тақырыпты таныстырады.</li> <li>- Дөңгелек үстел ережелерін талқылайды (тындау, пікірлерді құрметтеу, белсенді болу).</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шеңбер бойымен отырады.</li> <li>- Тақырыппен танысады.</li> <li>- Келісім ережелерін бекітеді.</li> </ul>	«Шеңбер» әдісі	5 минут
Кіріспе бөлім	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мамандық дегеніміз не?» деген сұрақ қояды.</li> <li>- Оқушылардың жауаптарын тындап, тақырыпты ашады.</li> <li>- Қысқаша презентация немесе видео көрсетеді (<i>Ең танымал мамандықтар, сұранысқа ие кәсіптер</i>).</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сұраққа жауап береді.</li> <li>- Өз ойларын ортаға салады.</li> <li>- Презентация немесе видеоны тамашалайды.</li> </ul>	Ми шабуылы Презентация	10 минут
Негізгі бөлім	<p><b>1-тапсырма: Дебат-талқылау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушыларды екі топқа бөледі:</li> <li>1) «Жүрек қалауы бойынша мамандық таңдау»</li> <li>2) «Еңбек нарығының сұранысына сай таңдау»</li> <li>- Әр топ өз пікірін қорғауға дайындалады.</li> <li>- Әр топтың пікірін тындап, қорытындылайды.</li> </ul> <p><b>2-тапсырма:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Өз тобының пікірін қорғауға дайындалады.</li> <li>- Дебат барысында ойларын жеткізеді.</li> <li>- Қарсы пікірлерін дәлелдейді.</li> <li>- Карточкалар арқылы мамандықты табуға тырысады.</li> </ul>	Дебат Ойын	20 минут

# «Мамандықтар әлемінде» түсіндіру жұмыстарының жоспары

## Мақсаты:

Оқушыларға әртүрлі мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беру.

- Мамандық таңдау барысында саналы шешім қабылдауға көмектесу.
- Жұмысшы және шығармашылық мамандықтарға деген қызығушылықты арттыру.
- Қазіргі заманғы еңбек нарығының сұраныстары туралы түсінік қалыптастыру.

## Міндеттері:

1. Оқушыларға мамандықтардың жіктелуі туралы түсінік беру.
2. Әртүрлі мамандық иелерімен кездесу ұйымдастыру.
3. Мамандық таңдауға әсер ететін факторларды талқылау.
4. Өзін-өзі тану арқылы болашақ кәсібін айқындауға көмектесу.
5. Қазіргі заманғы еңбек нарығы туралы ақпараттандыру.

## Түсіндіру жұмыстарының кезендері

### 1-кезең: Дайындық жұмыстары

- Мектеп оқушыларынан мамандықтарға деген қызығушылығын анықтау үшін сауалнама жүргізу.
- Ата-аналармен бірлесіп кәсіби бағдар беру бойынша жиналыс ұйымдастыру.
- Мамандықтар туралы ақпараттық материалдар дайындау (плакаттар, буклеттер, презентациялар).

### 2-кезең: Ақпараттандыру және насихаттау жұмыстары

- **Тақырыптық сынып сағаттары:** «Мамандықтар әлемі», «Менің болашақ кәсібім».
- **Презентациялар:** Әртүрлі мамандықтар бойынша ақпарат беру.
- **Мамандық иелерімен кездесу:** Жұмысшы мамандықтар, IT, медицина, педагогика, шығармашылық бағыттағы кәсіптер бойынша тәжірибелі мамандарды шақыру.
- **Экскурсиялар:** Кәсіпорындар, колледждер, университеттерге бару.
- **Кәсіби тесттер:** Оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерін анықтау мақсатында диагностика жүргізу.

### 3-кезең: Практикалық жұмыс

- **Интерактивті ойындар:** «Мамандықты тап», «Өз кәсібінді таңда».
- **Шеберлік сыныптары:** Қолөнер, бағдарламалау, робототехника, асхана ісі және т.б. бағыттарда.
- **Жобалық жұмыс:** «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында зерттеу және презентация жасау.
- **Пікірталас:** «Мамандық таңдаудағы қателіктер», «Жаңа заман мамандықтары».

9-11 сынып оқушыларының студенттермен кездесу кеші.

**Тақырыбы:** «*Менің мамандығым*»

**Мақсаты:**

- Оқушыларға әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат беру.
- Түлектер мен студенттердің тәжірибесі арқылы кәсіби бағдар беру.
- Қазіргі еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы айту.
- Оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттыру.

**Кездесудің барысы**

### 1. Ұйымдастыру бөлімі (5 минут)

- Қатысушыларды қарсы алу, кездесудің мақсатын түсіндіру.
- Қонақтарды (түлектер, студенттер, арнайы шақырылған мамандар) таныстыру.
- Оқушыларды белсенділікке шақыру.
- Психологиялық дайындық: «*Менің арманымдағы мамандық*» атты шағын шеңбер ойыны (әр оқушы бір-екі сөйлеммен қандай мамандықты қалайтынын айтады).

### 2. Кіріспе сөз (5 минут)

**Мұғалімнің сөзі:**

- Қазіргі таңда мамандық таңдау – әрбір жасөспірім үшін маңызды қадам.
- Әрбір мамандықтың өзіндік ерекшелігі, артықшылықтары мен қиындықтары бар.
- Оқушыларға сұрақ:
  - «Сіздер қандай мамандықтарды білесіздер?»
  - «Қандай мамандық сізге қызықты?»
  - «Жұмысшы мамандықтары туралы не білесіздер?»


### 3. Қонақтардың сөзі (20-25 минут)

(Әр қонақ 5-7 минут сөйлейді, өз тәжірибесімен бөліседі.)

Әр түлек немесе студент өз мамандығы туралы баяндайды:


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Кәсіби бағдарлау» сауалнама жүргізу.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Кәсіби бағдарлау»	сауалнама.	Қыркүйек	60	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/</a>	<p>2024жылдың Қыркүйегінде «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.</p> <p>Мақсаты:оқушылардың кәсіби бағытын бағдарлау, таңдаған мамандығы бойынша бағытын анықтау..Мамандық түрлерімен танысу.Әлі шешімін қабылдай алмай күмәнданып жүрген және бағдарын таңдай алмай жүрген оқушыларға бағдар беру.</p>	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**Кәсіби бағдар бойынша түсінік жұмыстарын жүргізу.**

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	Кәсіби бағдар	Ақпарат беру, түсінік жұмыстарын жүргізу.	Қыркүйек	9-11 сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	2024 жылдың Қыркүйегінде «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де оқушылармен кәсіби бағдар жұмысын жоспарлауға көмек көрсету жұмысы жүргізілді. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету. Оқушыларды мамандықтар, оларды алу жолдары, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы хабардар ету, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**«Сіздің кәсіби мансабыңыз» әңгімелесу.**

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Сіздің кәсіби мансабыңыз»	әңгімелесу	Қыркүйек	50	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>2024жылдың Қыркүйегінде «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 9-11 сынып оқушыларымен «Сіздің кәсіби мансабыңыз» тақырыбында әңгімелесу болды. Максаты:өзін-өзі анықтау және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдар беру.Еңбекке он көзқарас қалыптастыру; кәсіби қызметтің мазмұнын түсінуге үйрету;мамандыққа қойылатын талаптарды жеке қасиеттермен байланыстыруға үйрету;</p> <p>өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін талдауға үйрету</p>	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Маман иелерімен кездесу» кездесу.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Маман иелерімен кездесу»	кездесу.	Қыркүйек	40	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 9-10 сынып оқушылары түрлі саладағы мамандар иелері медбике,мұғалім,кітапханашылармен кездесу өткізді. Мақсатымыз: Оқушыларды түрлі саладағы маман иелерімен кездестіре отырып, пікір алмасуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.Мектеп бітіруші түлектерге кәсіби — шығармашылық тәрбие беру.</p> <p>— Белгілі бір еңбек, кәсіби іс — әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру</p>	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Ата-аналармен» кездесу.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	Ата-ананың баласына өз болашағын құруға бағыт беру, қолдау.	кездесу.	Қыркүйек	60	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 9-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесу өтті. Мақсаты: Ана-анада баласының тиімді мамандық таңдауда дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Мамандық таңдаудағы ата-ананың атқаратын ролін көрсету, балаға көрсетілетін көмек жолдарымен таныстыру. Мамандық таңдау мәселесі бойынша ата-аналардың қызығушылығын ояту.	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Маңызды мамандықтар» дөңгелек үстел.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпараттама	Сурет
1	«Маңызды мамандықтар»	дөңгелек үстел	Қазан	60	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 9-11 сынып оқушыларына «Маңызды мамандықтар»тақырыбында дөңгелек үстел өтті. <b>Мақсаты:</b> мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бері отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Мамандықтар әлеміне саяхат» колледждерге экскуртция.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Мамандықтар әлеміне саяхат»	экскуртция	Қазан	20	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 9 сынып оқушыларына«Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбында экскуртция болды.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Мамандық әлемінен ақпарат беру.Мамандық таңдауда оқушыларға бағыт бағдар жасау,оқушыларға мамандық таңдау,олардың негізгі түрлерімен таныстыру.Оқу орындары туралы кеңірек мәлімет алу.</p>	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**«Менің болашақ мамандығым» ойын сабақ.**

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Менің болашақ мамандығым»	ойын сабақ	Қазан	50	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>Қазан айында «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 1-4 сынып оқушыларына «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында ойын сабақтар болды. Мақсаты: Білім алушыларды мамандықтармен таныстыра отырып ойлау қабілеттерін дамыту, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Балалар мамандық туралы ойын сабақ барысында Маман дегеніміз не? Белгілі бір мамандық иесі болу үшін не істеу керек? деген сұрақтарға жауап беру.</p>	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

"Мамандықтар әлемі" суреттер байқауы.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	"Мамандықтар әлемі"	суреттер байқауы	Қараша	1-4сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 1-4 сынып оқушыларына"Кәсіптер әлемі" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды кәсіптер әлемі туралы хабардар ету, кәсіби өзін-өзі анықтауды жандандыру; қызығушылық танытқан кәсіптердің мазмұны туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталған оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін ынталандыру.</p>	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

"Мамандық таңдаудағы қателіктер" әңгімелесу .

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	"Мамандық таңдаудағы қателіктер"	әңгімелесу  ✓	Қараша	5-11 сыныптар	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxijbXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 5-11 сынып оқушылар арасында "Мамандық таңдаудағы қателіктер" тақырыбында әңгімелесу болды.Мақсаты: оқушыларға өзіне сәйкес мамандықты дұрыс таңдау үшін бағыт-бағдар беру,жиі жіберілетін қателіктердің алдын алу және болашақ кәсіби өміріне жауапкершілікпен қарауды үйрету.Мамандықтың адам өміріне әсерін әңгімелеу.Қателіктің болашаққа тигізетін ықтимал салдарын көрсету.	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Болашағың сенің қолыңда» тренингі .

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Болашағың сенің қолыңда»	тренингі	Желтоқсан	9-11 сыныптар	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де«Болашағың сенің қолыңда»тақырыбында 9-11 сыныптар оқушыларының арасында тренинг өткізілді.Мақсаты:қатысушылардың өз болашағы үшін жауапкершілік алуға ,мақсат қоюға және сол мақсаттарға жету үшін қажетті дағдылар мен әрекеттерді жоспарлауға ынталандыру.Әрбір адамның болашағы өз әрекеттері мен шешімдеріне байланысты екенін түсіндіру.Өмірлік құндылықтарды анықтауға көмектесу.	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Менің арманымдағы мамандық» әңгімелесу .

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Менің арманымдағы мамандық»	әңгімелесу	Желтоқсан	7 – 8 сыныптар	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де «Менің арманымдағы мамандық» тақырыбында 7 – 8 сынып оқушылар арасында әңгімелесу өтті. Мақсаты: қатысушыларға өз арманындағы мамандықты анықтауға, сол мамандыққа жету жолдарын жоспарлауға және болашақта дұрыс таңдау жасауға көмек көрсету.	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**ҰБТ өзгерістері.**

<b>№</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Бағыты</b>	<b>Өткізілген күні</b>	<b>Қатысқандар саны</b>	<b>Сілтеме</b>	<b>Ақпарат</b>	<b>Сурет</b>
1	ҰБТ өзгерістері.	Түсінік жұмысы	Желтоқсан	11-сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де «ҰБТ-2025 өзгерістері» тақырыбында 11-сынып оқушылары мен ата-аналарына жиналыс болды.Негізгі мақсаты:ҰБТ-2025 өзгерістері туралы түсінік жұмыстарын жүргізу.Мамандық бойынша әр маман саласына көрсетілген шектік балдарын,квоталар жөнінде нақты айту.Тестілеу мерзімі,ережелері,талаптары,тестілеу нәтижелерін бағалау туралы толық ақпарат ұсыну.Қатысушылардың қосымша сұрақтарына нақты жауап беру.	


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Мамандықтың барлығы жақсы» дөңгелек үстел.

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Мамандықтың барлығы жақсы»	дөңгелек үстел.	Қаңтар	10,11-сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де «Мамандықтың барлығы жақсы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты:– оқушыларға кәсіби бағдар беру, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу. Сондай-ақ, әртүрлі кәсіптердің ерекшеліктері туралы ақпарат беру, еңбек нарығындағы сұранысты талқылау және оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағыттау. Оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстыру. Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, мамандық таңдау дағдыларын қалыптастыру. Жұмыс берушілер, кәсіби мамандар мен тұлғалардың тәжірибесімен бөлісу.	



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Үздік бизнес жоспар» презентация байқауы

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	«Үздік бизнес жоспар»	презентация байқауы	Қаңтар	10,11-сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjbxMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjbxMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де 10-11 сынып оқушылары арасында «Үздік бизнес жоспары» байқауы болды.Мақсаты:кәсіптің тиімді дамуын қамтамасыз ету.Ол бизнес идеяны нақтылап нарықты зерттеуге,қаржыны жоспарлауға,маркетинг стратегиясын құруға және тәуекелдерді басқаруға көмектесу.</p>	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**«Менің мамандығым» кездесу**

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	Менің мамандығым	кездесу	Қаңтар	9-11-сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	<p>«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де «Менің мамандығым» тауырыбында студент жастармен кездесу өтті.Максаты:Жоғары кәсіптік оқу орындарының студенттерін кездесуге шақыра отырып,оқушыларға мамандық таңдау ,оның адам өмірінде алатын орны,маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру.Әр мамандық иесіне тән қасиеттер мен ерекшеліктерді дамыту.9-11 сынып оқушыларының жетістікке жету жолдары туралы білімдерін кеңейту.</p>	 


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру**

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
1	Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру.	жеке кеңестер беру	Жыл бойы	9-11 сынып	<a href="https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/">https://www.facebook.com/share/p/38XxjibXMdD1PmbD/</a>	«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де Ата-аналарға жыл бойы жеке кеңестер берулер болды.Мақсаты:Баланың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтауға,еңбек нарығындағы сұранысты талдауға және болашақ кәсібін саналы таңдауға көмектесуге бағыттау.Ата-ананың күтулері мен баланың таңдауы арасында үйлесімділік орнату жолдарын ұсыну.Мамандықтар мен оқу орындары туралы ақпарат беру.	


**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

Қонақ сабақтарын өткізу: кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерімен кәсіптік бағдар беру кездесулері

№	Іс-шара атауы	Бағыты	Өткізілген күні	Қатысқандар саны	Сілтеме	Ақпарат	Сурет
